



Автор: Кенжебекова Айгул Арыстановна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау

Тақырып: Тәуелдеулі зат есімдердің септелуі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.4.2.3 зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар жасай алады : Септіктерді еске түсіріп ажырата алады Оқушылардың көбі жасай алады : Тәуелдеулі зат есімдер септелгенде қай септіктің жалғаулары өзгеретінін біледі Оқушылардың кейбірі жасай алады : берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады
Тілдік мақсаттар:	Берілген тақырып бойынша мәтін мазмұнын айта алады .
Күтілетін нәтиже:	Септіктерді еске түсіріп ажырата алады Тәуелдеулі зат есімдер септелгенде қай септіктің жалғаулары өзгеретінін біледі Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады
Бағалау критерийлері:	Зат есімнің септелуін біледі .Тәуелдеулі зат есімнің септелуін түсінеді
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Компьютерді қолдану
Пәнаралық байланыс:	математика, жаратылыстану
Бастапқы білім:	зат есімнің септелуі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 минут)	Оқушылар бір-біріне тілек айтады Сәттілік біздер тілейік , Мен саған, сен маған Күндей күліп жүрейік Күннің нұрын төгейік Мен саған, сен маған	
Сабақтың ортасы (20 мин)	Оқулықта берілген өлеңді оқу . 7-жаттығу .Берілген өлеңді оқып , табыс септіктегі зат есімдерді табады .Табыс септігіндегі сөздерді сөз құрамына талдайды . 8 -жаттығу Берілген сөздерді септеп жазу .Сөздерді септеп жазу барысында қай септік жалғаулары өзгергенін анықтау . Жаңа ақпарат . III жақ тәуелдеулі зат есімдер септелгенде төмендегі септіктерге мынадай септік жалғаулары жалғанады Б.с на,не досына , дәптеріне Т.с. досын, дәптерін Ж.с нда, нде досында , дәптерінде 9-жаттығу .Өлеңді көшіріп жазу .Өтірік өлеңді қалпына келтіру 10-жаттығу Сызбамен жұмыс .Сызбаны пайдаланып ,зат есімді тіркес жасау . 11- жаттығу Мәтінді мұқият оқып, қарамен берілген сөздерді көшіріп жазу .	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (7 минут)	"Табыс ағашы" Сабақтағы өз іс-әрекетіне кері байланыс жасау .Сабақтағы тапсырмаларды орындау мүмкіндігіне қарай табыс ағашының тиісті жапырақтарын бояу . Бағалаудың шартты белгілеріне сәйкес өзін-өзі бағалау. Жұмыстарын топта жариялап , дәлелдеу.	
Рефлексия (6 минут)	Сабақтан игерген білімдеріне рефлексия жасату мақсатында жұмыс дәптеріндегі "өз жұмысыңды бағала" тапсырмасы орындатылады .Бірінші тұрған "сауатты жазу" екінші тұрған "көркем жазу" ,үшінші тұрған "шығармашылық жұмыстарды орындау" дөңгелектері тиісті қарындаштармен боятылады . Нәтижелері топта жарияланады .	